

**Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясының
№4 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді**

22.10.2025ж

Қатысуы керек: 233

Қатысқаны: 229

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының бағалауының қортындысы

М.Н. Ербозымова – мектеп-гимназия директоры;

Тыңдалды:

М.Н. Ербозымова – мектеп директоры, аттестаттау комиссиясының төрағасы.

2025–2026 оқу жылының 22 қыркүйек пен 22 қазақ аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарының» 2-тарауы, 11-тармағы, 3-тармақшасы негізінде, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Аттестаттау комиссиясының құрамы

(мектеп директорының 2025 жылғы 23 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген)

Ербозымова М.Н. – комиссия төрағасы, мектеп-гимназия міндетін уақытша атқарушы;

Шамгунова Б.С. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Садыкова Б.Х. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Давлетова Н.К. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Черниязова Ж.Б. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Сарина С.Р. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Ермухамбетова А.Ж. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Қиынбаев С.К. - директордың әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Худайбергенов Н.М. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Көбейсін Ә.К. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Рашидқызы Ж. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі

Хатшы – Орынбасарова Г.Е. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеді.

Оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру саласындағы ақпараттық жүйелерде орналасқан деректермен және уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған мәліметтермен салыстырып талдады.

«Ақтөбе облысы білім басқармасы» мен «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемелерінің деректерін ескере отырып, «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің соңғы үш оқу жылындағы білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне жан-жақты талдау жасалды

Сауалнама нәтижелері

Өзін-өзі бағалау барысында келесі топтар арасында сауалнама жүргізілді:

- 4 және 9-сынып ата-аналары – 900 ата-ана қатысты, 95%-ы білім сапасына қанағаттанған;
- 4 және 9-сынып оқушылары – 843 білім алушы қатысты, 80%-ы көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне оң баға берген;
- Мектеп педагогтері – 222 мұғалім қатысты, 97%-ы оқу және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру жағдайына қанағаттанған.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын талдап, барлық дәлелдеме құжаттарын зерделей келе,

«Ақтөбе облысы білім басқармасы» мен «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемелерінің деректері негізінде,

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметінің нәтижелері «5 (өте жақсы)» деп бағаланды.

Қаулы етті:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауының қорытынды есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы мен тиісті құжаттар мектептің ресми сайтына 30 қазанға дейін орналастырылсын.
3. «Өзін-өзі бағалаудың есебі 27 қазан күні мектептің қамқоршылық кеңесінде қаралсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



М.Н.Ербозымова

Т.Е.Орынбасарова